

Рейтинг агенттіктері мен банктер мәмілелерін жүзеге асыра алатын облигацияларға арналған ең төменгі талап етілетін рейтингін, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асырған кезде мемлекеттік бағалы қағаздарымен мәмілелер жасай алатын елдердің ең төменгі талап етілетін рейтингін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 128 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 9 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4717 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 176 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 176 (қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының атауы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.02.26 N 19 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңының 8-бабының 5-тармағына және 30-бабының 12-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.02.26 N 19 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен

1. Банктердің рейтингі "BBB-"-дан төмен емес ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa3" төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) рейтингі бар шетел эмитенттерінің облигацияларымен мәмілелерді жүзеге асыра алатындықтары белгіленсін.

Банктер мәміле жасай алатын шетел эмитенттерінің облигацияларының рейтингін төмендету кезінде осы тармақта белгіленген деңгейден төмен

мәмілелерді жүзеге асыра алады, аталған төмендету пайда болған айдан кейінгі алты күнтізбелік ай ішінде банктер өз қызметін осы тармақтың талаптарына сәйкестендіре жүргізеді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.02.26 N 19 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2009.11.30 N 239 Қаулыларымен.

2. Банктердің рейтингі "BB-" -дан төмен емес ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Ba3" төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша), не жоғарыда аталған рейтинг агенттіктерінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBBB" төмен емес рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасы эмитенттерінің облигацияларымен мәмілелерді жүзеге асыра алатындықтары белгіленсін.

Банктердің мәмілелерді осы тармақта белгіленгеннен төмен деңгейде жүзеге асыра алатындай болып, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің облигацияларының рейтингі төмендеген кезде, банктер аталған төмендету пайда болған айдан кейінгі алты күнтізбелік ай ішінде өз қызметін осы тармақтың талаптарына сәйкестендіре жүргізеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30 N 239 Қаулысымен.

2-1. Қазақстан Республикасының эмитентіне қатысты соттың қайтақұрылымдау жүргізу туралы шешімі бар болғанда, оның қайта құрылымдандырылатын облигациялары және өзге де міндеттемелері бар, осы қаулының 2-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін банктер қайта құрылымдау тоқтатылған айдан кейінгі он екі ай ішінде өз қызметін осы қаулының 2-тармағының талаптарына сәйкестендіре жүргізеді.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30 N 239 Қаулысымен.

2-2. Осы қаулының талаптарына сәйкес келмейтін облигациялары бар банктер осы қаулының 2-1 және 3-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, 2012 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде аталған облигацияларды с а т с ы н .

Ескерту. 2-2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30 N 239, өзгерту енгізілді - 2010.12.27 № 185 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

2-3. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы»

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына сәйкес қайта құрылымдауды жүзеге асыратын (жүзеге асырған), қайта құрылымдау аясында сатып алынған және осы қаулының 1 және 2-тармақтарының талаптарына сәйкес келмейтін облигациялары бар банктер аталған облигацияларды қайта құрылымдау аяқталған жылдан кейінгі бес жылға дейінгі мерзімде сатсын.

Ескерту. 2-3-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 185 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Банктер осы қаулы қолданысқа енген күнде осы қаулының 1 және 2 тармақтарының талаптарына сәйкес келмеген облигациялары қолда бар болған жағдайда 2012 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде аталған облигацияларды іске асырсын.

3-1. Екінші деңгейдегі банктердің ("Standard & Poor`s" немесе "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелуі бойынша) "BBB-"-дан төмен емес немесе ("Moody`s Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелуі бойынша) "Baa3"-тен төмен емес шетел валютасында тәуелсіз ұзақ мерзімді рейтингі бар елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыра алатындықтары белгіленсін.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.02.26 N 19 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен

3-2. Екінші деңгейдегі банктер мемлекеттік бағалы қағаздарымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті осы қаулының 3-1-тармағында айқындалған деңгейден төмен жүзеге асыра алатын елдердің шетел валютасында тәуелсіз ұзақ мерзімді рейтингі төмендеген кезде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер көрсетілген төмендеу орын алған айдан кейін келетін үш күнтізбелік айдың ішінде өз қызметін осы қаулының 3-1-тармағының талаптарына сәйкес келтіреді.

Ескерту. 3-2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.02.26 N 19 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Облигациялармен екінші деңгейдегі банктер мәмілелерді жүзеге асыра алатын халықаралық қаржы ұйымдарының және шетел эмитенттеріне арналған ең төменгі рейтингтің тізбесін белгілеу туралы Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі

агенттігі басқармасының 2004 ж. 9 ақпандағы N 25 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2740 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2004 жыл, N 37-40, 1004-күжат);

2) "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Облигациялармен екінші деңгейдегі банктер мәмілелерді жүзеге асыра алатын халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесін белгілеу туралы" 2004 жылғы 9 ақпандағы N 25 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 45 Қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4151 тіркелген);

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

6. Стратегия және талдау департаменті (М.С. Бөбеев):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге, "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

7. Агенттіктің Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жөнінде шаралар қабылдасын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға